

# Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі

## «Білім алушылардың университетте көрсетілетін білім беру қызметінің сапасына қанағаттану деңгейі» сауалнамасының нәтижелері

Атырау – 2022

**«Білім алушылардың университетте көрсетілетін  
білім беру қызметінің сапасына қанағаттану деңгейі»  
сауалнамасының нәтижелері**

Сауалнамаға қатысушылардың үлесі:

1. «Физика, математика және ақпараттық технологиялар» факультеті бойынша – 10,5%;
2. «Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары» факультеті бойынша – 18,2%;
3. «Гуманитарлық ғылымдар және өнер» факультеті бойынша - 32%;
4. «Инновациялық білім беру» факультеті бойынша – 12,7%;
5. «Көптілді білім беру факультеті» бойынша – 14,4%;
6. «Экономика және құқық» факультеті бойынша – 12,2%.

Сауалнамаға қатысушылардың саны – 947.

Студенттердің таңдаған мамандықтары бойынша 21,5%-ның көзқарасы түбегейлі жақсы жаққа өзгерген, 35,9%-нда олар күткеннен де жақсы болған, 7%-ның таңдаған мамандықтарына көңілі қалған.

Жүргізілген сауалнама деректері бойынша Атырау университетінің 1-5 курс білім алушыларының 84%-ы мамандық таңдаудағы өз шешімдеріне еш өкінбейтіндіктерін, 6,6%-ы өз мамандықтарының ұнамайтындығын, бірақ оқуды аяқтап шығатындығын, 8,8%-ы өз мамандықтарын аяқтап, екінші мамандыққа оқитындықтарын, 0,6%-ы өкініп, басқа мамандыққа ауысуды жоспарлайтындықтарын көрсеткен.

«Сіз университетте өз мамандығыңыз бойынша сапалы білім алып жатырсыз ба?» деген сұраққа студенттердің 45,3%-ы «Иә деп ойлаймын», 44,8%-ы «Иә», 8,3%-ы «Жоқ деп ойлаймын», 1,7%-ы «Жоқ» деп жауап берген.

Сауалнамадағы «Болашақ мамандығыңыздың ерекшелігін нақты білесіз бе?» деген сұраққа студенттердің 89,5%-ы «Нақты білемін», 7,7%-ы «Толық түсінігім жоқ», 2,8%-ы «Мүлде білмеймін» деп жауап берген.

Студенттерде болашақ мамандық туралы (жұмыс орны (ұйым түрі), лауазымдық міндеттер, жұмыс кестесі, жүктеме дәрежесі, қызмет мүмкіндігі) мынадай түсінік қалыптасқан: нақты білетіндер - 52%, шамамен білетіндер - 46%, білетінім өте аз дегендер - 6%, мүлде білмеймін дегендер - 3%.

Университет оқытушыларын сапалары бойынша (оқытушылардың сабақ жүргізуге дайын болуы, тапсырмалар мен сұрақтарды нақты тұжырымдауы деңгейін; оқытушылар тарапынан студенттердің сабаққа белсенді қатысуын ұйымдастыру мүмкіндіктерін; оқытушылардың сабақ барысында интерактивті оқыту әдістерін ("Миға шабуыл", Рөлдік ойын, Ойын жаттығулары, Жоба әзірлеу, Ситуациялық жағдайларды шешу, Сарапшылар талқылауы, Инсценировка, Сюжеттік суреттерді талқылау және т.б.) қолдану деңгейін; оқытушылардың студенттерге құрметпен қарауы, сұрақтарға жауап беруі және диалогқа ашық болуы деңгейін;

оқытушылардың материалды ауызша сауатты жеткізуі, аудиторияның назарын өзіне аудару алуы деңгейін) бағалауда: «өте жақсы» - 32,8%, «жақсы» - 29%, «қанағаттанарлық» - 11%, «төмен» - 25,2%, «өте төмен» - 2%.

**Кітапханадағы** кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетудің сапасын студенттердің бағалауы төмендегідей:

- 1) өте жақсы – 32,6%;
- 2) жақсы – 35,4%;
- 3) қанағаттанарлық – 23,8%;
- 4) қанағаттанарлықсыз – 2,8%;
- 5) жауап беруге қиналамын – 5,4%.

Жоғарыда көрсетілген нақты сауалнамалық өлшем құралдары арқылы анықталған мәліметтер білім алушылардың өздері көрсеткен пікір болып табылып, университет қызметіндегі кейбір кемшіліктерге нақты бағыттауда. Аталмыш өлшем есебі нақыт ұсыныстармен университет басшылығы мен құрылымдарына электронды формада жіберілді. Құрылым басшылары аталған ұсыныстарды негізге алып жұмыс жоспарына енгізуін сұраймыз.



**Сапа мониторингі кеңесі**